

"Қазақстан Республикасының кейбір орталық атқарушы органдарындағы жауапты хатшының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қазандағы N 966 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір орталық атқарушы органдарындағы жауапты хатшының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасының кейбір орталық атқарушы органдарындағы жауапты хатшының мәселелері

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңының 21-1-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н :**

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс, Төтенше жағдайлар, Ішкі істер министрлері өздері басқаратын министрліктерде жауапты хатшы өкілеттігін жүзеге асыруға уәкілетті деп белгіленсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті